


Шығыс Қазақстан мен Түркияның Бурса провинциясы бауырлас аймақтарға айналды

Облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ Түркияның экономикалық жағынан ең бір жақсы дамыған Бурса провинциясында ашылған бизнес-форумның жұмысына қатысты.



Бурса – химия өндірісі, жиһаз жасау және құрылым саласы жақсы дамыған ірі өнеркәсіптік аймақ. Ол Түркиядағы тоқыма өнеркәсібінің орталығы ретінде де танымал. Мұнда автомобиль және машина жасау, металлургия салаларының өндірістік буындары да орналасқан. Аймақта «Рено», «Фиат» жеңіл машиналарын, оларға қосалқы бөлшектер, орта қуатты жүк машиналарын шығаратын зауыттар бар. Түркия автомобиль экспорттың 75 пайзына жуыған құрайтын Бурса – елдегі ірі автомобиль экспорттаушы орталық.

Кездесу кезінде Шығыс Қазақстан облысының Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ пен Бурса провинциясының губернаторы Шахабаттин ХАРПУТА өзара сауда-экономикалық серіктестік, сондай-ақ, Бурса мен Шығыс Қазақстан облысы арасында келісілген бауырластық қарым-қатынасты одан әрі дамытудың болашағы жайында кеңінен әнгіме қозғады. Бурса қаласының мәрі және сауда-өнеркәсіп палатасы кеңесі төрағасының орынбасарымен де келелі әнгіме болды. Кездесуге сондай-ақ, біздің аймақтың қасіпкерлері де қатысты.

Өндіріс саласындағы әріптестікпен қоса форумға қатысқан Шығыс Қазақстан облысының бизнесмендерін түрік қасіпкерлерінің туризм саласындағы аса бай тәжірибелері де қызықтырды. Бурса аймағы тау шаңғысы курорттарымен әйгілі, табиғаты жағынан біздің облыспен үқсас жерлері аз емес. Олардың жоғары дамыған инфрақұрылымы Шығыс Қазақстанға өте-мөте қажет-ақ. Ақпараттық базадан басқа, материалдық көмекке де үміт етуге болады, өйткені бүгінгі Түркия Қазақстан экономикасына салынып отырған инвестиция көлемі жағынан төртінші мемлекет болып табылады.

Бизнес-форум аяқталған соң оған қатысушылар сурет көрмесімен танысып, Шығыс Қазақстан өнер үжымдары әзірлелеп аларған концертті тамашалады. Шығысқазақстандықтар сондай-ақ, Түркиядағы 220-дан аса қасіпорындар орналасқан Бурса қаласының өнеркәсіп аймағымен мүқият танысты.